

**Еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларға ай сайынғы материалдық қамсыздандыру түрінде өмір бойы төлем төлеудің ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы N 1247 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1324 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.12.2014 № 1324 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.02.26 № 141 Қаулысымен.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларға ай сайынғы материалдық қамсыздандыру түрінде өмір бойы төлем төлеудің ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.02.26 № 141 Қаулысымен.

2. Осы қаулы 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 9 желтоқсандағы

N 1247 қаулысымен

бекітілген

**Еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларға ай сайынғы материалдық қамсыздандыру түрінде өмір бойы төлем төлеудің ережесін бекіту туралы**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.02.26 № 141 Қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 22-2-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы алдындағы аса жоғары жетістіктері мен айрықша қызметі үшін еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларға ай сайынғы материалдық қамсыздандыру (бұдан әрі - материалдық қамсыздандыру) түрінде өмір бойы төлем төлеудің тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.02.26 № 141 Қ а у л ы с ы м е н .**

2. Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының және (немесе) КСРО құрама командаларының құрамында болған және кемінде жиырма жыл еңбек стажы бар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын спортшылар мен жаттықтырушыларға материалдық қамсыздандыру мынадай мөлшерде төленеді:

1) Олимпиада ойындарының чемпиондары және (немесе) жүлдегерлері және (немесе) спорттың олимпиадалық түрлері бойынша әлем чемпиондары атақтарын жеңіп алғандарға және "КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері" және (немесе) "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" атағы барларға - 24,0 айлық есептік көрсеткіш ;

2) "Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы" және (немесе) "КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атағы бар және осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген спортшыларды даярлағандарға - 24,0 айлық есептік көрсеткіш .

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.02.26 № 141 (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)Қаулысымен.**

3. 2-тармақта көрсетілген бірнеше негіздер бойынша бір мезгілде материалдық қамсыздандыру алуға құқығы бар тұлғаларға материалдық қамсыздандыру алған атақтары мен наградаларының санына қарамастан, біреуіне ғ а н а б е л г і л е н е д і .

4. Материалдық қамсыздандыру дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) бюджеттік бағдарламалары арқылы республикалық бюджеттің қаражаты есебінен төленеді.

## 2. Материалдық қамсыздандыру төлеуді жүргізу тәртібі

5. Материалдық қамсыздандыру алуға құқығы бар адамдар (бұдан әрі алушы) мынадай құжаттарды ұсынады :

с п о р т ш ы л а р :

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш;
- 2) жиырма жыл еңбек өтілін растайтын еңбек кітапшасының нотариалды расталған көшірмесі немесе төменде көрсетілген құжаттардың кез келгені:

тоқтату күні мен оны тоқтатудың негіздемесі туралы жұмыс берушінің  
белгісі бар еңбек шарты;  
еңбек шартының жасалуы және тоқтатылуы негізінде еңбек қатынастарының  
туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді  
к ө ш і р м е ;

қызметкерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірме;  
жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен расталған қызмет ету  
тізімі (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);  
аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы жинақтаушы зейнетақы  
қ о р ы н а н ү з і н д і к ө ш і р м е ;  
жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік  
сақтандыру қорынан мәліметтер;  
қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған мұрағаттық  
а н ы қ т а м а ;

- 3) Олимпиада ойындарының чемпионы және (немесе) жүлдегері және (немесе)  
) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы екендігін растайтын  
жарыстар хаттамасының көшірмесі;

- 4) спортшының атағын растайтын куәліктің немесе уәкілетті орган  
б ұ й р ы ғ ы н ы ң к ө ш і р м е с і ;

ж а т т ы қ т ы р у ш ы л а р :

- 1) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш;
- 2) жаттықтырушылық жұмысының жиырма жылдық өтілін растайтын еңбек  
кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе төменде  
көрсетілген құжаттардың кез келгені:

тоқтату күні мен оны тоқтатудың негіздемесі туралы жұмыс берушінің  
белгісі бар еңбек шарты;  
еңбек шартының жасалуы және тоқтатылуы негізінде еңбек қатынастарының  
туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді  
к ө ш і р м е ;

қызметкерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірме;  
жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен расталған қызмет ету  
тізімі (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);  
аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы  
зейнетақы қорынан үзінді көшірме;  
жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік

сақтандыру қорынан мәліметтер;  
қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған мұрағаттық  
анықтамa ;

3) Олимпиада ойындарының чемпионы және (немесе) жүлдегері және (немесе)  
) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын жеңіп алған  
спортшының шын мәнінде жаттықтырушысы болып табылатынын растайтын  
жұмыс орнынан анықтамa ;

4) өзі жаттықтырған спортшының Олимпиада ойындарының чемпионы және (немесе)  
жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем  
чемпионы екендігін растайтын жарыстар хаттамасының көшірмесі;

5) жаттықтырушының атағын растайтын куәліктің немесе уәкілетті орган  
бұйрығының көшірмесі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 N 118  
қаулысымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі).

6. Ай сайынғы материалдық қамсыздандыру түрінде өмір бойы төлем төлеу  
туралы немесе бас тартылғаны туралы шешім қабылдау, құжаттарды қарау  
мерзімі өтініш қабылданған сәттен бастап күнтізбелік жиырма күннен аспауы  
т и і с .

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 N 118  
қаулысымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі).

7. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган  
қорытынды жасайды, соның негізінде материалдық қамсыздандыруды төлеу (төлеуден  
бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

8. Төлем (төлеуден бас тарту) туралы қабылданған шешім туралы уәкілетті  
орган өтініш берушіге мұндай шешім қабылданған күнінен бастап күнтізбелік он  
күн ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 914 (алғаш  
ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа  
енгізіледі) Қаулысымен.

9. Материалдық қамсыздандыруды төлеу Қазақстан Республикасының  
шегінде екінші деңгейдегі банктегі өтініш берушінің есеп шотына материалдық  
қамсыздандыруды аудару жолымен, банктік өкілдік немесе филиал болмаған  
жағдайда материалдық қамсыздандыру төлеу ақшаны почтаға аудару жолымен  
жүргізіледі.

### **3. Материалдық қамсыздандыруды төлеуден бас тарту**

10. Өтініш берушіге мынадай жағдайларда материалдық қамсыздандыруды тағайындаудан бас тартылады:

- 1) осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген барлық құжаттар ұсынылмаса;
- 2) өтініш беруші осы ереженің 2-тармағындағы шарттарға сәйкес келмесе.

Ескерту. 10-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.04 № 914 (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

#### 4. Қорытынды ережелер

11. Уәкілетті органның материалдық қамсыздандыруды төлеу немесе материалдық қамсыздандыруды төлеуден бас тарту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

Еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларға ай сайынғы материалдық қамсыздандыру түрінде өмір бойы төлем төлеудің ережесіне

қосымша

Нысан

Кімге \_\_\_\_\_

(дене шынықтыру және спорт жөніндегі \_\_\_\_\_

уәкілетті орган басшысының лауазымы,

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

кімнен \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

(бар болса)) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша тұратын өтініш берушінің ЖСН \_\_\_\_\_

**Еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеуге**

**ӨТІНІШ**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 N 118 қаулысымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сізден маған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(себебі көрсетіледі)

байланысты өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыру төлемін  
төлеуіңізді сұраймын.

Маған тиесілі соманы (банктің аты, банктің МФО-сы, өтініш берушінің есеп шотының нөмірі немесе ақша пошта арқылы аударылған жағдайда, оның мекенжайы көрсетіледі) аударуыңызды сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_